

AQTÓǴAI AJARY

Aqtóǵai aýdandyq qoǵamdyq-saiasi basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№11 (7900)

Жұма
3 наурыз
2023 жыл

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні



Құрметті нәзік жандар қауымы!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінде отбасы мен ананы қорғау және әйелдеріміздің құқықтары мен мүдделерін қорғау мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының қатарында. Бір сөзбен айтқанда, сіздер біздің ұлттық игілігіміз, ең қымбат қазынамыз болып табыласыздар.

Қазіргі уақытта біздің облысымыздың әйелдері өздерінің кәсіби қызметтерінде айтарлықтай жетістіктерге жетіп, қоғамымыздың көптеген салаларында жемісті еңбек етіп, оларды дамытуға айтарлықтай үлес қосуда.

Сонымен қатар, әйелдер қауымы – отбасындағы береке мен бірліктің, жайлылық пен жан жылуының қайнары. Отбасыларымыздың шаттығы мен гүлденуі, балаларымыздың бақытты болуы нәзікжанды аруларымызға тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта қоғамымызда әйелдер қауымының өзекті мәселелеріне назар аударылып, олардың өз таланттары мен білімдерін, кәсіби дағдыларын барынша толық іске асыру үшін тиісті жағдайлар жасалуда.

Сіздерді келіп жеткен мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Бақытты болыңыздар!

Құрметпен, аудан әкімі Р.Кенжебеков.



19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И
МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1 наурыз – Алғыс айту күні

Құрмет көрсетілді



Көктем келіп, айнала өзгеше сұлуланып, жер беті көк кілем жамылғанда еліміздегі алғашқы мереке – Алғыс айту күні екені белгілі.

Бұл күн – еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсуі жолында маңдай терін төккен жандарға алғыс айтып, құрмет

Тишжан ата мен Роза апа Доскеевтердің отбасына арнайы барып, мерекемен құттықтап қайтты. Аудан басшысының осындай бір мерекелі күнде құттықтап келгеніне ризашылығын білдірген ардагерлер батасын беріп, алғыс айтты.

Е.Темірхан.

көрсететін күн. Адамзат баласын жақындастыратын құнды қасиет – адамгершілік. Бір-біріне алғыс айту арқылы араларындағы сүйіспеншілік пен махаббатты нығайта түсетіні ақиқат. Осы қағиданы берік ұстанған аудан әкімі Руслан Айтықкөпұлы еңбек ардагері

Сайлау-2023

Өзгерістер өзімізден басталады

Елімізде бастау алған ең ауқымды саяси өзгеріс – «Жаңа әрі әділетті Қазақстан» бастамасы. Осы ұранмен еліміздің барлық саласында оң өзгерістер орын алып келеді. Әділеттілік, ашықтық бар. Ата Заңымызда айтылған «Биліктің бастауы – халық» деген қағида шынайы орнай бастағандай. Елімізде референдум өтті. Президенттің өкілеттіктері қысқарып, халықтың билікке араласуы заңмен реттелді. Жерасты байлығымыздан түскен үлес әрбір жаңа туған қазақстандықтың жеке шотына түсетін болды. Түштеп келгенде, әлеуметтік қолдаулар артатынын айтты Президент.

Сонымен қатар, биыл 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау науқаны өтеді. Саяси науқанға атсалысу және дауыс беру әрқайсысымыздың ұстанымымызды, таңдау құқы-

мызды айшықты көрсететіні сөзсіз. Сайлауда әркім өзінің дауыс беруі қажеттігін түсінуі қажет. Өйткені, азаматтық құқығын пайдалану арқылы әркім өзінің болашағына ықпал етеді. Түйіндеп айтқанда, кез келген адам бүгінгі жасаған таңдауы арқылы ертеңін айқындайды. Сондықтан, демократиялық ұстанымға бағыт алған қоғамда кез келген саналы азамат өзінің белсенді сайлауда дауыс беруін тек қана құқығы ретінде емес, міндетім деп қабылдауы қажет.

Сондай-ақ, өзгерістерді біз өзімізден де бастауымыз керек. Жаңару әуелі әр адамның жеке басынан басталады. Солай ғана күллі қоғам өзгереді. Демек, Қазақстанның жаңаруына әр азамат жауапты. Сондықтан, біз қоғамдағы әрбір саяси науқаннан, қоғамдық бастамадан тысқары қалмауымыз керек.

Қ.Шерубаева,
Ақтоғай ауылы.

Ел тілегі ескерусіз қалмайды

Атқарушы биліктің бұқара алдындағы есептік кездесуі Кежек, Жилебай, Қараменде би, Шабанбай би, Қызыларай және Ақтоғай ауылында жалғасты.

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков 24 ақпан күні табиғаттын тосын мінезінін салдарынан пайда болған кедергілерге қарамастан бекітілген кестеге сәйкес **Кежек** ауылдық округіне барып, тұрғындармен кездесті. Өңір басшысы алдымен ауыл тұрғыны А.Иманмусин ақсақалдың үйіне барып, хал-жағдайын сұрасты. Одан әрі әлеуметтік маңызы бар нысан – мектепте болды. Білім ұясында ұстаздармен бетпе-бет жүздесіп, мәселелерін тыңдады. Ауыл азаматтары мектептегі бала санын сақтау



үшін жүйелі жұмыстар ұйымдастырып, өзге өңірлерден көпбалалы отбасыларды көшіру жұмысын қолға алған болатын. Ілкімді іс алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ.

Мәдениет үйінде кезекті есеп беру жиынында ақшилік тұрғындар алдында аудан басшысы мен ауылдық округ әкімі қысқаша баяндамалар жасады. Одан әрі жиынға қатысушыларға сөз берілді. Ақтоғай-Қарағанды тас жолымен Ақши ауылын жалғап тұрған 14 шақырым көтерме жолға суағарлар қойылып, орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу, мектеп терезелері алмастырылып, клуб үйіне жөндеу жұмыстары жүргізілсе және хоккей кортын салу секілді бірнеше мәселелер көтерілді.

Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерге байланысты аудан әкімі кезең-кезеңімен іске асырылатынын айтып, жүйелі жұмыс болатынын атап өтті. Жиын сонында жеке сұрақтар бойынша тұрғындарды қабылдады.

Сонымен қоса әкімнің кезекті есеп беру жиыны **Жилебай** ауылдық округінде жалғасты. Аудан әкімі Руслан Айттықенұлы «Денсаулық – бірінші байлық» екенін назардан қалдырмай, әуелгі кезекте ауылдағы фельдшерлік пунктте болып, денсаулық сақтау ошағының ахуалымен танысты. Жаңа нысанның салынғанына аз уақыт қана болса да, жылу жүйесі мен ішкі кабинеттеріне жөндеу жұмыстары қажет екені байқалды. Облыстық басқармаға тиісті ұсыныс беріп, қажетті жұмыс ұйымдастыру керектігін орынбасары Абылай Аманжоловқа тапсырды.

4 елді мекеннен тоғысқан қоныраттық ағайынға өңір басшысы былтырғы жыл көлемінде атқарған ауқымды істері жөнінде есеп берді. Одан әрі ауылдық округ әкімі Думан Ұлтқыевтің ақпары тыңдалып, сөз

кезегі тұрғындарға берілді. Жиынға қатысушылар мал жайылымының аздығы, тозығы жеткен электр желілері, өз кәсібін жүргіземін деген жастарға берілетін гранттар жайы, ем-шара қабылдаудың қиындығы секілді бірқатар маңызды деген сауалдар жолдады. Аудан басшысы Руслан Кенжебеков жиында талқыға түскен мәселенің баршасына тиісті шаралар қабылданып, бұрыннан қордаланып қалған мәселелерді мерзімінде орындау жөнінде бірқатар тапсырмалар беріп, өзінің бақылауында болатынын жеткізді. Жиын барысында қазақ күресінен «Спорт шеберлігіне үміткер» куәлігін Қ.Нұржанов мектебінің оқушысы Б.Сайранға ресми түрде табыстап, бұдан әрі де тек жеңіс тұғырында болуына тілектестік білдірді.

Өткен жылдың жұмыстарын қорытындылаған аудан әкімінің есептік кездесуі **Қараменде би** ауылдық округінде болып өтті. Аудан басшысы алдымен елді мекендегі әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты. **Ж.Ақбай** атындағы негізгі орта мектебінде болып, іргелі білім ордасының



атқарып жатқан жұмыстарын бағамдады. Биыл мектептің ішкі жылыту қазандығы сыртқа шығарылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Одан әрі өңір басшысы бүгінде сексеннің сегізінше шығып отырған ақ жаулықты ана Тұрымтай Рахымберлина әженің шаңырағына арнайы барып, сәлем берді.

Мұнан соң, ауылдық округтің күрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйінде есепті жиын өтті. Кездесуде **Қараменде би** ауылдық округінің әкімі Қайрат Азиров осы уақытқа дейін ауыл тұрғындарының

өл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын нығайту мақсатында атқарылған ауқымды жұмыстарды саралады.

Содан соң, аудан басшысы Руслан Айттықенұлы өңір бойынша жыл бойына атқарылған іргелі істерді баяндап, алдағы жылға мақсатталған, алға қойған жобаларды сөз етті.

Жиын барысында еңбектік ағайын көкейде жүрген ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Сондай-ақ, жиын барысында «Нұршат» шаруа қожалығының жетекшісі Еркін Мұнайтбасовқа ауыл

шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Елеулі еңбегі үшін» медалі табысталды.

28 ақпан күні бұқара халықтың хал-ахуалын біліп, ауылдық округ әкімдерінің жылдық қорытынды есебін тыңдауға аудан әкімі Руслан Айттықенұлы, сала басшыларымен бірге **Шабанбай би** ауылына ат басын тіреді.

Алғашқы кезекте Батыр ана Дамет Ажибекованың, одан соң тыл ардагері Мұқсиын Қаримов ақсақалдың отбасына арнайы барып



сәлемдесті. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы берік ұстанған аудан басшысының еңбегіне табыс тілеп, қариялар ақ баталарын берді.

Өрменқарайотбасылықдәрігерлікамбулаторияға барып, ауыл емханасының жағдайымен танысты. Келесі кезекте Әлімхан Ермеков атындағы білім ордасына барып ұстаздар қауымымен кездесіп, бірнеше сыныптарға кіріп, оқушылармен жүздесіп, білім сапасының барысын бақылады. Алаш арысы Ә.Ермеков есімін иеленген бұл білім ордасына бас сұққан әр адам үлкен рухани қуат алады. Оған себеп әр жылдары мектеп бітірген түлектер, сондай-ақ ата-аналары қызмет жасаған ұрпақтары «Туған жерге туынды тік» қағидасын берік ұстанып, әр сыныптарға демеушілік көмек арқылы жөндеу жұмыстарын жүргізген. Бұл іс басқа да мектептерге үлгі болып, мектепке деген үлкен қолдау екені сөзсіз.

Ауылдық клуб үйінде ұйымдастырылған халықпен есептік кездесуде аудан әкімі Руслан Кенжебеков ауыл демографиясына үлес қосып келе жатқан алты баланың анасы Айнагүл Төлегеноваға «Күміс алқа» табыстады.

Ресми сәтке кезек беріліп, ауылдық округ әкімі Асқар Мұрасов өткен жылы атқарылған істерді саралап, алдағы жоспарымен таныстырды. Реті келгенде ауыл тұрғындары К.Нұржігітов, М.Құлымжанов, Қ.Мейірханов, Д.Сәулебекұлы, Т.Қайратұлы ауданнан қатынайтын жол асфальтталса, бұрынғы «Арай» пионер лагері қолға алынып жөнделіп, халыққа қызмет жасаса, күн тәртібіндегі ең өткір мәселе электр энергиясы мәселелері ретке келтірілсе, Сопа елді мекеніне ұялы байланыс орнатылса деген ұсыныс-пікірлерін білдірді. Қойылған сұрақтарды ден қойып тыңдаған өңір басшысы Руслан Кенжебеков, жол, энергия және «Арай» лагерінің мәселелері жөнінде жұмыстар жасалынып, алдағы уақытта жағымды жаңалықтар болатынын жеткізді. Басқа да сұрақтарға тиісті жауаптар қайтарылды.

(Жалғасы 3-бетте).

Ел тілегі ескерусіз қалмайды

(Соңы. Басы 2-бетте).

Аудан әкімі Руслан Кенжебековтің елді мекен тұрғындары алдындағы есеп беру жиналысы **Қызыларай** ауылдық округінде өтті. Арқаның асқар бәлі Қызыларайға Руслан Айтықенұлының қызметтік сапарының салмағы үлкен, әрі ерекше жауапты десек артық айтқандық емес. Сондықтан да, Ақжарық елінің әрбір адамының берген батасы, ұстаздардың берген білімін бойына жинақтаған Руслан Айтықенұлы бүгінде аудан басшылығының тізгінін қолына ұстап, үлкен аманат жүгін арқалап барып отыр. Өзін өсірген, тәрбиелеген, ардақтаған елдің ортасына ел



азаматы болып барған сәтте ауылдың сексеннің сенгіріне шыққан абыз ақсақалдары, еңбек ардагерлері С.Еркебаев, А.Бекмағанбетов, Ж.Шібишев және алтын құрсақты Батыр ана Қ.Хасенованың отбасыларына арнайы барып, сәлем берді.

Одан кейін білім ордасы мектепте болып, ұстаздармен оқушылармен кездесті. Сыныптарды аралай жүріп салынғанына жарты ғасыр болған мектепке жөндеу жұмыстары керек екенін көрді. Дегенмен, сөз реті келгенде аудан басшысы мектеп басшылығына мемлекеттен

берілетін қаражатты, оның келетін кезегін күтіп отырмай, өздеріңіз қатарлы мектептерден үлгі алып, демеушілер тартуға да жанды жұмыстар жасау керек, – деп пікірін білдірді.

Арасында уақыт тауып облыс, республикаға танылып жүрген Қызыларай ауылының көкпаршы жігіттерімен



кездесіп, олардың салымдарын тамашалады.

Келелі кеңесте ауылдық округ әкімі Серікбол Спанов өткен жылда атқарылған істерге есеп берсе, өңір басшысы ауыл әкімінің жұмыстарын бағамдай келе, аудан бойынша алдағы жылдың жоспарымен бөлісті. «Атқарылған істің төрешісі – халық» десек, ақпарлардан соң, сөз алған тұрғындар біраз мәселелерге тоқталып өтті. Сөз алған С.Шакиров, Ш.Башарова, Д.Түсіпбаев, Б.Әдіханова, С.Имұханбетов, Қ.Башаров, С.Ахметовалар ауылдағы малды етке өткізу, оған анықтама алудағы қиындықтар, су қоймасының бөгетіне қосымша жөндеу жұмыстарын жасау, Балқаш-Қызыларай бағытындағы автобустың жиі қатынасуы, сондай-ақ аудан көлемінде ең ірі мәселе болып тұрған тоқ мәселесі де бұл ауылды айналып өтпегенін жеткізді. Барлық ұсыныс-пікірді тындаған аймақ басшысы тиісті сала басшыларымен

ақылдасып, таяу уақыттарда бұл мәселелердің шешілуіне тиісті жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.

1 наурыз күні **Ақтоғай** аудандық Мәдениет үйінде өңір басшысы Руслан Кенжебеков «Ақтоғай ауданының 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және алда тұрған міндеттері туралы» тұрғындар алдында кезекті есебін берді. Аудан әкімі өңірдің өткен жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін баяндап, алда тұрған межелі міндеттерді айқындады.

Сондай-ақ, индустрия, шағын және орта бизнес, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік, санитарлық тазалық, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы, мәдениет, ішкі саясат және жастар саясаты

салаларындағы оң нәтижелер туралы сөз қозғады.

Сонымен қатар, Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаевтың жыл ішінде атқарған және алдағы жоспарлары туралы ақпары тыңдалды.

Кездесудің екінші бөлігінде тұрғындардың сұрақтары мен талап-тілектеріне кезек берілді.

Тұрғындар кездесуде электр энергиясы, ауыз су, жол, денсаулық сынды көкейлерінде жүрген сауалдарын жолдады. Жолданған өтініш-тілектердің дені жалпыға ортақ, қоғамдық маңызға ие толғақты мәселелердің жүгін арқалаған. Кейбірі – бұрыннан орындалысын тосып, билік назарында жүрген өзекті түйткілдер. Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы көтерілген сұрақ-сауалдарға тиісті жауап берді.

Д.Қабыл,
Г.Елеусизова.

Мезгіл мәселесі

«Көктем-2023» дайындық пысықталды

«Апат айтып келмейді», «Сақтықта қорлық жоқ» дейді халық даналығы. Өне-міне, ауа райы күрт жылынып, көкөзек көктемнің келетін шағы да таяп келеді. Сондықтан, қауіптің алдын алып, көктемнің су тасқынына осы бастан дайындалып, қам-қарекет жасамасақ, күні ертең сан соғым қалуымыз ғажап емес.

Өмір әртүрлі қауіпті әрі апатты жағдайларға толы болғандықтан, олардан сақтану және алдын алу шаралары күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелер сапында тұрады. Бұл ретте төтенше жағдайлар бөлімдеріне артылған жауапкершілік те салмақты. Бұл саланы

таңдаған азаматтар өз істеріне тиянақтылықпен қарап, әрдайым кезіккен қауіптің жолын бөгеуге белді бекем буады. Биылғы қыс қаһарына мініп, қаңтар, ақпан айлары бұрқасынды болды. Биылғы қардың жылдағыдан мол түсуі, көктем мезгілінде су тасқынының қауіпі төнуі әбден мүмкін.



Міне, осы мақсатта өткен бейсенбіде «Көктем-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізіліп, аудандағы барлық азаматтық қорғау қызметтерінің өзіндік пысықталды. Оған өрт сөндіру бөлімі, «Ақтоғай-Су», ветстанция, «Қазақтелеком», жедел жәрдем қызметкерлері, кәсіпкерлік және өнеркәсіп

құралдарын басқару бойынша іс-қимылдар және өзара іс-қимылдар үйлесімділігін жетілдіру қажеттігін айтып, әрбір құрылым өздеріне тиісті жұмыстарды шұғыл үйлестіруге дайын болу қажеттігін айтты.

бөлімі, төтенше жағдайлар бөлімі мен полиция бөлімі қызметкерлері қатысты.

Сондай-ақ, жиынға аудан әкімі Р.Кенжебеков қатысып, көктемгі кезеңдегі төтенше жағдайлардың қатері және туындаған кездегі міндеттердің мақсаты бойынша орындауға және халықтың өзіндігі мен қабілет деңгейін арттыру мақсатында азаматтық қорғау қызметтеріне саптық қарау жұмыстарын жүргізді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою кезінде жергілікті атқарушы органдарға бағынысты Азаматтық қорғау күштері мен

Өз тілшімізден.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметші – өзінің қарапайымдылығымен, жоғары білімімен, әділдігімен үлгі болатын, азаматтармен жұмыс барысында сыпайылық танытып, елінің мүддесіне қызмет ететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын ең басты талап – мемлекет пен халық мүддесінің алдындағы жауапкершілігі. Жауапкершілік болған жағдайда халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімі артып, қоғам мен мемлекет арасында мықты көпір орнатуға өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондықтан, мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы тиіс және ең бастысы, халыққа қызмет ететінін естен шығармауы керек.

Өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жиі қолданылатын жауапкершіліктің бір түрі, ол – тәртіптік жауапкершілік.

Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамай, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қызметтік әдепті бұзып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметте шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылады.

Аталған фактілер орын алған жағдайда, тәртіптік теріс қылмыс жасау фактісі жан-жақты зерделенеді және кейбір кезде қызметтік тергеу-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, тәртіптік жауапкершілікке тартудың

тәртібі және мемлекеттік қызметшінің осыған байланысты құқықтары мен міндеттері айқындалған. Аталған талаптарды сақтау міндетті болып табылады.

Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартылуына байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылады, оған қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

Қарастыру нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасау дерегі расталғанда, ол заңнамаға сәйкес тиісті жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметші жүктелген тәртіптік жазасымен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасына тұрақты түрде талдау жүргізеді.

Талдау көрсеткендей, 2021 жылмен салыстырғанда, 2022 жылы тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 11% және оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 72% азайған.

Көбінесе мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым-қатынаста дөрекілік фактілеріне жол бергені, әдепсіздік танытқаны, яғни теріс іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырағаны үшін жауапқа тартылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін

қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшінің әдепсіз әрекетінің алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруда.

2016 жылдан бастап «Әдеп жөніндегі уәкіл» институты енгізілген болатын және аталған уәкілдің функциясы ұжымда беделді және басшылық лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге жүктелген. Бұл институттың басты мақсаты мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайту болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер де аталған бағытта жұмыстарын күшейтулері қажет.

Әдептілік, ар-намыс – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану кезінде бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады (Қарағанды к., Н.Назарбаев даңғылы, 39, тел: 8 (7212) 50-40-75).

А.Наурызбаев,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі.

Медиация – бейбітшіліктің жолы

Бүгінгі таңда Қазақстанда да, барлық жетекші мемлекеттерде де азаматтық құқық саласындағы жанжалдар мен дауларды шешудің келешегі зор және маңызды рәсімдердің бірі бітімгершілік рәсімдері болып табылады. Бітімгершілік рәсімдерінің дауларды шешудің сот тәртібімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар.

«Қазақстан Республикасының Медиация туралы» Заңына сәйкес егер жеке және (немесе) заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік-құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Медиация дегеніміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сотында да даулады қарау кезінде медиацияны қолдану тәжірибесі қалыптасқан.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2022

жылы сотта барлығы 122 азаматтық іс қаралса, оның 95-і бойынша татуластыру рәсімдерін қолдануға мүмкіндік болған, алайда тек 21 іс медиация рәсімдерін қолданумен аяқталды, бұл қаралған істердің жалпы санының 17,2 пайызын құрайды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша тек 5 іс бойынша медиация жасалған.

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) талаптарына сәйкес, сот тараптарды татуластыру рәсімдерін талап қою сотқа түскен сәттен бастайды. Яғни, АПК-нің 151-бабына сәйкес татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау, ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте сот тараптарды татуласу рәсімін өткізуге шақырады және сотқа дейінгі хаттаманы жолдайды. Ол хаттамада екі тарапқа ынғайлы болатын, дауды бітімгершілікпен реттейтін шарттар көрсетілуі тиіс. Сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Судьялар талап қоюды қабылдау сатысында тараптардың дауды шешудің сотқа дейінгі (соттан тыс) тәртібін сақтауын, талап қоюдың АПК-нің негіздеріне сәйкес келуін, тараптардың татуласу мүмкіндігін анықтайды.

Яғни, заң шығарушы соттарды істі сот талқылауына дайындау сатысында тараптарды татуластыру шараларын қабылдауға және туындаған дауды бейбіт жолмен шешуге ниеттерін анықтауға міндеттеді. Бұл судьяның міндеті болғандықтан, сот ісін жүргізуге талап қабылдағанға дейін татуластырушы судья тараптарға құқықтарын түсіндіреді

және татуласудың ықтимал шарттарын талқыланатын келісімге шақырады.

Дауды бейбіт жолмен шешуге бастама көтере отырып, сот оны мемлекеттік мәжбүрлесіз және тараптар үшін өзара қолайлы жағдайларда шешуге ықпал етеді.

Кодекстің 174-бабына сәйкес Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап, не осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде, не бір бөлігінде реттей алады. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтініш-хат, егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін.

Мәселен, егер сот ісін жүргізуге талап қою қабылдаған кезеңде, 10 жұмыс күні ішінде тараптар келісімге келмесе, онда сот іс қозғалғаннан кейін де татуластыру рәсімдерін жүргізе алады, бұл да оң нәтиже береді.

Медиативтік келісімнен басқа, сот тараптардың өкілінің медиация жасауға өкілеттілігінің болмауына байланысты бітімгершілік келісімдерді де бекітеді.

Ал тараптардың мүдделерін адвокаттар қорғаған жағдайда, олар партисипативтік келісім жасауға өкілеттілік алған кезде, келісімнің шарттары екі жаққа қолайлы болғанда, сот партисипативтік келісімді бекіте алады.

Сот бітімгершілік, медиативтік немесе

партисипативтік келісімді бекіткен жағдайда, талап қоюшыға талап қоюмен сотқа жүгінген кезде төлеген мемлекеттік баж толық көлемде қайтарылады. Бірақ, сотпен тараптарды татуластыруының оң динамикасына қарамастан туындайтын қиындықтар да бар.

Мысалы, талап қоюшы жауапкер туралы тиісті мәлімет бермейді (жауапкер тұрғылықты жерің, телефон нөмірлерін ауыстырады). Дауды татуластыру арқылы реттеудің мүмкін еместігінің басты себептерінің бірі – тараптардың татуластырушы судьяға келмеуі, ал азаматтық іс жүргізуде адамды мәжбүрлі түрде жеткізу қарастырылмаған.

Жоғарыда айтылғандай, медиацияның түпкі мақсаты – дауды бейбіт жолмен шешу және қақтығысқа ұшыраған тараптар арасында келісім жасау.

Медиация жеткілікті түрде қолданылатын елдерде ол сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін тәсілдердің бірі деген пікір қалыптасқан. Бүгінгі күні Қазақстанда да дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану кең таралып келеді және құқықтың өртүрлі салаларында қолданып жүр.

Тараптардың татуласуы жүзеге асырылатын істердің негізгі санаттары – отбасылық-некелік қатынастардан, шарттық міндеттемелерден және залалды өтеуден туындайтын даулар.

Дегенмен, статистика көрсеткендей, соңғы жылдары Қазақстанда медиацияны сотқа дейінгі реттеудің әдісі мен нысаны ретінде қолдану деңгейі айтарлықтай өсуде және қақтығысушы тараптар арасында танымал болып келеді, өйткені бұл жанжалдарды шешудің үнемді және өркениетті әдісі.

С.Жумашкина,

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сотының судьясы.

5 наурыз – Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған күні

Отандық тарих ғылымында аса құдіретті, қасиетті «тектілік» ұғымы атам заманнан күн тәртібін түскен жоқ. Ақтамберді жырау: «Елден елді аралап, тектіден текті саралап сынға толса сияғы, Әлбеті шамның шырағы, Мұхиттан сүзіп шығарған, қымбатты гауһар бағасы...» деп тектіліктің қасиеті туралы толғаса, атақты Сыпыра жырау: «Бай баласы байға ұқсар, Байлаулы тұрған тайға ұқсар. Би баласы биге ұқсар, Алты қанат үйге ұқсар, Хан баласы ханға ұқсар, биік-биік шыңға ұқсар» деп тектіліктің қасиетін атап көрсетеді... Дана халқымыз тектілік дегеніміз – адам бойындағы асыл қасиеттер, парасаттылық үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын сабақтастық. Осы сабақтастық сақталып отырса ғана ұлт мәңгілік елге

парыз!» деп тәрбиелейді. Ешнәрсені есеппен жасамайды. Үйрететіні – сауап, парыз, борыш. Осы арқылы балағынан бала өргізіп, басқа берсе батырлығын жасайтын да текті ана! Ана құдіретін, қадір-қасиетін өзгеден өзгеше білетін де, өзіндей өзгешені тек өз анасы ғана туа алатынын пайымдай алатын текті анадан туатын ұрпақ қана.

Әр заманнан жаны таза, рухы келісті ұрпақ тәрбиелеу ұлттың болашағына үлкен әсерін тигізеді. Адамды жаратқан бір Алла, адамзатты дүниеге әкелген ана екені даусыз. Ұлқызының, немере-жандеріміз – ғұмырымыздың күнді бетке алып кетіп бара жатқан ұлы көші.

Алтын құрсақты аналардың бірі де бірегейі Бегім ханымнан туған Нұрбегім әжеміз табиғатынан жаратылысы

түскізі бүгінде аудан орталығындағы археологиялық-этнографиялық музейде тұр. Мұхаметәліден ұрпақ жоқ. Қапасәлі ақсақалдан Ғайныш, Гүлбарам, Гапура, Нұралы, Ералы атты немерелері бар. Қыздары Бөтай, Қауа, Гүлнәр, Әнелден тараған ұрпақтары аудан, қала, облыс, республикада әр салада қызмет етіп жатыр.

Бөтай Жарқызынан Жамал, Мағзұм атты қыздары туады. Жамалдан туған ұрпақтары Әбеуовтер отбасы ауданның әр саласында қызмет етіп, еңбек етті. Мағзұм ападан туған балалары да аудан тарихына сүбелі үлес қосқан Қонқиндер отбасы. Қауа Жарқызының Кәукербек, Өмірбек, Әселия деген балалары болған. Кәукербек Ұлы Отан соғысында, Өмірбек ержеткенде қайтыс болады. Қызы Әселиядан

«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады»

айналып, жаһандану кезінде абыройын сақтап, ойып тұрып тарихтан орын алады.

Ежелгі ұлы ойшылдардың бірі Конфуций айтқандай, «Халық үшін ең керемет заң – оның дәстүрі». Осы дәстүр мындаған, жүздеген ғасырлар бойы атаның қаны, ананың сүтінен дарып, сүйекке біткен асыл тектілік жалғасын тауып жатса, одан артық бақыт жоқ. «Тектіден текті туады, тектілік жолын қуады» дейтін қазақтың көне ұстанымының маңызы зор. Адам баласының тектілігін сақтауының арқасында өзінің ұлттық қасиетін және ұлыс бірлігін сақтап келген. Себебі, тектілік – ұлттың бойындағы қорғаныс қабілеті дейді ғалымдар.

Текті де терең тамырлы бай тарихы бар қазақ елі қашанда асылын, жақсысын парықтап, үлкен мән беріп, тектілік қасиетті ерекше классикалық биік деңгейге көтеріп отырған. Тектілік хәм ұрпақтың тағдыры-ұлттың тағдыры. Ұлы ойшыл Абай атамиз жеке тұлғаның қалыптасуы барысында оның өскен ортасы мен алған тәрбиесінен бұрын, оның қанындағы қасиеттердің басымдыққа ие болатынын ерекше атайды. «Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға, көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға. Жақсының әрқашанда орны бөлек, жаман адам жарамас бір қымтарға. Жабы жүйрік болмайды байқалғанымен, жасын болат болмайды қайрағанмен» деп Жамбыл Жабаев та жырлайды. Тектілік туралы әңгіме қозғау себебім, биыл қазақ халқының біртуар перзенті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының көшбасшысы, ұлт зиялысы Әлихан Бөкейханның туғанына – 157 жыл, тәуелсіздікті қалпына келтіргенімізге 32 жыл толып отыр. Биылғы жыл Қазақстан үшін маңызды жыл. Наурыздың 5 жұлдызы Ұлт көсемі, ғасыр санлағы, адамзаттың асылы Әлихан Бөкейханның туған күні.

Әлихан Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін білеміз. Еркіндік пен теңдікті жоғары бағалайтын ортада туып-өсуі. Екіншіден, тектілігі. Әлиханның атасы Бөкей, атақты көкжал Барак сұлтанның ұлы. Бөкейдің тоғыз ұлының бірі – Батыр сұлтан. Батырдан Мырзатай, Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Нұрмұхамедтен Әлихан Бөкейхан туады. Анасы – Бегім ханым. Тобықты Мамай батырдан Жолбарыс, Жолбарыстан Дулат, Дулаттан Бегім ханым. Бегім ханым – Әлихан Бөкейханның анасы. Дулаттың екінші қызы Ботантай Құдайбердінің бөйбешесі, одан Шөкәрім қажы туады. Алтын құрсақты аналар деп осындай тұлғаларды айтады.

Алыпты өмірге әкелген Бегім ханым жаратылысынан оқу-білімге жақын, көкірегі ояу, саналы, парасатты болған екен. Әлихан Бөкейхан тұңғышы болса, Әзілхан, Тәттіхан, Базылхан, Смахан атты ұлдары мен жалғыз қыздары Нұрбегім ханым болған. Бүгінгі мақаланың арқауы алтын құрсақты, текті анадан өрбіген ұрпақтардың бірі – Нұрбегім ханым.

Атам заманнан Ана-асқақ, Ана-айбың, Ана-абырой, Ана-ақыл-ой... Адамзат баласының мәңгілігінің негізі де осында. Ананың ақ сүті адами болмысының, оның тектілігі, кісілігі, ақылы, парасаты, мейірімі, адалдығы – асыл қасиеттерінің бастауы. Ананың жан-бесігі – Алланың тек әйел затына берген ұлы сыйы! Өмірге келетін ұрпақ тоғыз ай, тоғыз күн сол жан-бесікте анасының алпыс екі тамырынан нәр алып жетіледі. Жанның тазалығы, рухының мықтылығы анасының алпыс екі тамырынан баланың бойына дарып, өрбиді. Ізгілік, мейірім, жасампаздық, парасаттылық, кеменгерлік деп аталатын жақсылық атаулының бәрі жарық дүниеге ананың жан-бесігі, тектілігі арқылы келеді екен. Текті ана ғана ұрпағын «Ерлік – міндет емес, ерлік –



ерекше жан болғандығы туралы ел арасында көп айтылады. Анасы Бегім ханым сияқты ақылды, парасатты, әділ, бетке тіке айтатын, қайсар, өте қайырымды, жетім мен жесірге пана, тоңғанға тон, шөлдегенге сусын, жығылғанға сүйеніш, қамқор болған. Қазақ атамиз «Асылдан асыл туады» деп тегін айтпаса керек. Нұрбегім Нұрмұхамедқызы 1874 жылы желтоқсанда өмірге келген, Сұлтанғазыдан туатын Дайыр төренің баласы Мұхамеджарға ұзатылады. Ұзатылып барған жерінде де қадірлі, абыройлы, тәкаппарлығы жарасып тұратын, орнымен дөп сөйлейтін әділ жан болғанға ұқсайды.

Жар төреден Бөтай, Хауа, Күлтай, Әнел, Мұхаметәлі, Қапасәлі, Үкітай атты балалары өмірге келген. Нұрбегім әжемнен туған ұрпақ бүгінде Ақтоғай ауданында өсіп-өніп, абыройлы, тәрбиелі, өнегелі отбасы болып, тамырын тереңге жайды. Нұрбегім әжемизді аудан халқы өте шебер, іскер, қолынан бал тамған, соғыс жылдарында майдандағы солдаттарға киім-кешекті айдың жарығымен отырып тіккенін жыр қылып айтады. Нұрбегім Нұрмұхамедқызы туған ағасы Әлиханды жиі есіне алып, көз жасын сығып алып отырады екен.

Бар жазығы «орысқа бодан болмаймыз, жеке ел боламыз деп жүріп жарықтық, қаза болды» дегенді жиі айтады екен. Отбасымен қуғын-сүргінді де көреді. Балалары қулақтың тұқымы деп қудаланып жүргенде қыздары Қауа, Гүлнәр, Әнелдің отбасымен бірге тұрады. Отырған ортасында тек отырмай шаруасын дөңгелетіп, кейде тоқып, киім тігіп, керек болса тәртіпке шақырып, тәлім-тәрбиесін айтып, тектілігін үнемі білдіріп отыратын дана қария болыпты. Нұрбегім Нұрмұхамедқызының тұңғыш немересі, ауданның тұрғыны Ғайныш Қапасәліқызы «Аңсаумен өткен ғұмыр» атты мақаласында Нұрбегім әжемизбен бірге болған кездері туралы жан-жақты жазады. Нұрбегім Нұрмұхамедқызының тұлғалық қасиетін жүрген жүрісінен, сөйлеген сөздерінен, жасаған істерінен әбден көруге болады.

Көңге ұлы Үкітай Ұлы Отан соғысында белгісіз кетіп, өмірден кеткенше, үміттеніп тосады. Үкітайына арнаған түскізінен көзінің қарашығындай сақтап, балам қайтып келеді деген үкілі үмітін үзбесе керек. Үкітай Жарұлының Калининград облысындағы деревняда 1945 жылдың 10 ақпанында болған кезекті ұрыста ерлікпен қаза тапқаны белгілі болды. Үкітайға арнап оюлап, кестелеп тіккен

Орынбек Ибраев атты немересі Балқашта тұрды. Әнел Жарқызы Абайдың замандасы атақты Оразбай қажының немересі Біләлмен тұрмыс құрады. Екі тектіден туған Қазыл Біләлқызы ауданда абыроймен қызмет етті, ақсақалы Аманкүл аға да танымал тұлға. Аудандағы археологиялық-этнографиялық музейдің негізін қалаған, белгілі суретші, ардагер ұстаз. Ауданның тарихына есімі алтын әріппен жазылған тұлға.

Гүлнәр (Күлтай) Жарқызы Абдрахман ақсақалмен алты бала тәрбиеленді. Абдрахман Абдоллаұлы ауданға қажырлы еңбек сіңірген, адамды да, малды да емдеген білікті маман болған. Соғыстан кейінгі жылдары алты баласының алтауын да оқытқан, көзі ашық, парасатты, абыройлы тұлға болды. Үлкені Ортай Абдрахманұлы Қарағанды мемлекеттік университетінде ұзақ жылдар оқытушы декан, проректор болып қызмет етті. Университеттің құрметті профессоры. Гүлжатай Абдрахманқызы жолдасы Қасжан Алтынбекұлымен ұзақ жылдар ұстаздық еткен ұлағатты ұстаздар, баласы Қырым Алтынбеков әлемдік деңгейдегі реставратор. Көнедегі тарихқа жан бітіретін, ұлт мақтаншы.

Бибигүлсім Абдрахманқызы сегіз бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана, балалары әр салада қызмет етеді. Ғайнитден Абдрахманұлы ұлағатты ұстаз, қолынан бал тамған шебер (Нұрбегім әжесінен дарыған өнерлі). Бақыт Абдрахманқызы ауданда дәрігерлік, басшы қызметтерде істеген, ақ халатты абзал жан. Жақсылық (Амантай) Абдрахманұлы КСРО спорт шебері. Ауданның спорт тарихын дамытуда үлес қосқан, спорт мектебін басқарып жүргенде облыстық, республикалық деңгейдегі жарыстарға команда апаратын білікті треньер. Үлгілі ата-ана Нұрбегім Нұрмұхамедқызы туралы мақала жазуды көптен ойланып жүретінмін. Туған жиеншары ретінде, кәсіби тарихшы ретінде, ауданның азаматы ретінде аудан тарихында, Қазақстан тарихында айрықша орын алатын тұлғаларын, тектілерін бүгінгі ұрпақ білуге тиісті, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру үшін, тарихын білу үшін.

1963 жылы Нұрбегім Нұрмұхамедқызы Жекежалға Мұхаметәлі деген баласының қолына барады. Тарихи туып-өскен мекені, ата-бабасының жатқан жері. Өмірден өтердің алдында далаға алып шығуын өтініпті. Далаға шығып, Жер-Ана, аспанмен тілдесіп, шумақтап өлең шығарып, үйге кірген соң кете барады. Тұлғаның тектілігін тағы да байқаймыз. Тектілік тек жатпайды. Айналайын әжем, рухың пейіште шалқысын. Халқы Әлихан Бөкейханды көкке көтеріп, лайықты бағасын беріп жатыр. Үкітайыңыз табылды, бұйырса ерлікпен қаза тапқан жеріне тәу етіп бір барады ұрпақтарыңыз. Аудан тарихында есімдерін мәңгі қалдырған алып Аналарымыз аз емес. Ұлтты тәрбиелейтін де ана, ұлттық болмысымызды қалыптастыратын да, сақтайтын да – Аналарымыз! Өрісінен алтын құрсақты ананың жан-бесігінен туған асыл анамыз Нұрбегім Нұрмұхамедқызының туғанына биыл 150 жыл болады екен. Суреті сақталмапты, өкінішке орай. Сондықтан, әжемиздің көзін көргендердің айтуымен кәсіби суретшіге салғызған суретін ұсынып отырмын.

Тектілерін халық ешқашан ұмытпайды. Тектілік – феномен. Қандай қиын кезеңде де, қуанышта да адамның ақыл мен парасаттан таймайтын күші тектілігінде. Бүгінгі өскелең ұрпақ тарихын құрметтеп, тектісін біліп өссе, нұр үстіне нұр емес пе?!

К.Абдрахманова,

Қарағанды медицина университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры.

Арулар – тіршілікке күре тамыр,



21 ақпан күні Астана қаласында «AMANAT» партиясының республикалық әйелдер форумы болып өтті. Ауылдық жерде тұратын әйелдер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, көпбалалы аналар, бюджеттік сала қызметкерлері мен депутаттар, қоғам қайраткерлерінің басын қосқан алқалы жиынға ауданымыздан делегаттар қатысып қайтқан болатын. Форумның көтерген мәселелері, қолға алатын өзгерістер мен жобалары туралы «AMANAT» партиясының жолдауымен форумның арнайы қонағы болған Клара Қаппаровамен шағын сұхбат өрбіткен едік.

Тіршіліктің тірегі – әйел-ана

– Клара Сағындыққызы, әйел теңдігі, олардың қоғамдағы орны, гендерлік саясат төңірегінде түрлі пікір айтылады. Форум әйелдерге қатысты қоғамдағы нәнді өзекті мәселелерді қарастырды?

– Мемлекет басшысы бір сөзінде әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында институционалды реформалар жасау, әлеуметтік саясатты модернизациялау, қоғамдағы әйелдердің мәртебесін көтеру жайлы баса айтқан болатын. Ол үшін партиялар Мәжіліс пен мәслихат депутаттарына кандидаттар тізімін жасақтаған кезде әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота қарастыруды міндеттегені баршамызға белгілі. Әйелдердің саясатқа, басшылық қызметке, оның ішінде шешім қабылдау деңгейінде араласқанына баршамыз мүдделіміз. Себебі, әлеуметтік мәселелерді шешуде әйелдің жанашырлығы мен табандылығы қажет деп ойлаймын.

Биыл елордамыз Астана қаласында «AMANAT» партиясының республикалық әйелдер форумы бірінші рет өткізіліп отыр. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 800-ден астам қатысушының басын қосқан жиынға Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы атынан ел астанасына барып, форумға қатысып қайттым. Келелі басқосудың мақсаты – әйелдерді елдің қоғамдық-саяси өміріне тарту, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, гендерлік теңдікке және ауыл әйелдерінің өз қабілет-қарымын танытуына жағдай жасау.

Форумды ашқан аталған партия төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстандағы әйелдер мәртебесіне тоқталды. Ол өз сөзінде әйелдердің мемлекеттік басқару ісіне, сонымен қатар қоғамдық өмірге араласуын кеңейту керек екенін, оның ішінде әйелдердің еңбегі мен арманына құрметпен қарайтынын, әйел азаматтардың бастамаларын қолдайтынын, әсіресе ауыл әйелдер бизнесі, олардың тұрмысы, жалпы әйелдердің қоғамдағы рөлі ерекше екенін атап өтті.

Форумға қатысушылар қоғамдағы әлеуметтік-демографиялық прогресті қамтамасыз етудегі әйелдердің рөлі, экономикалық өсудің жана үлгілеріне көшу, денсаулық сақтау мен білім беруді дамытудағы және заманауи қоғамдағы әйелдердің рөлін туындаған мәселелерді шешудің ортақ тәсілін әзірлеу үшін пікір алмасып, ұсыныстарды талқылады.

– Форум барысында нәзікжандылар қауымын негізінен қандай мәселелер толғандырды? Биыл әйелдерге арналған

қандай жаңа жобалар қолға алынбақ?

– Форум аясында жалғызбасты аналардың, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды, көмелетке толмаған балаларды қамқоршылықпен асырап отырған жалғызбасты аналарға көмек қолын созу, жәрдемдесу, үкіметтен жәрдемақы төлеу. Бала тәрбиесімен 15-20 жыл отырғып қалған көпбалалы аналардың жұмыс өтілін қарастыру, біліктілігін арттыру, жұмысқа тарту жағы ескерілді.

Сондай-ақ, әйелдердің жұмысқа орналасуы барысында жасы мен жынысына байланысты дискриминацияны жоюға бағытталған «Күміс жас» бағдарламасының аясы кеңеймек.

Осы орайда партия төрағасы Ерлан Қошанов ана мен бала құқығын қорғау бағытындағы шаралар үнемі «AMANAT» назарында болатынын айта келе, бала дүниеге келгеннен бастап мектеп бітіргенге дейін қажетті қолдауды қамтамасыз етуге партия тарапынан күш жұмылдырылатынын алға тартты.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны күшейтіп, көпбалалы аналарды, ерекше дарыны бар балаларды бағып-қағып, тәрбиелеп отырған отбасыларын қолдау шараларын ескеру қолға алынатынын айтты.

Жұмыссыз жастарды, жұмыссыздықты азайту керектігі ескерілді. «AMANAT» партиясының жанынан Әйелдер қанаты құрылатынын атап көрсетті. Бұл партияның халықтың 52% назарын өзіне аудару жолындағы игі бастамасы. Әйелдер қанаты көпбалалы аналар, әйелдер жұмыссыздығы, ұрпақ тәрбиесі, зорлық-зомбылық проблемаларымен тікелей айналысатын болады.

Форум барысында нәзікжандылар қауымының кәсіпкерлікпен шұғылдануы, іскер әйелдерге жеңілдетілген пайызбен несие алып, кәсіп көзін ашу сынды мәселелер жолға қойылды. Десе де, «Тәні саудың – жаны сау» демекші, ауылдағы әйел азаматшаларды спортқа баулып, спорт түрлерімен шұғылдануына барынша жағдай жасалуы керек деп ойлаймын. Қыз-келіншектеріміз де бос уақыттарын тиімді өткізіп, бір уақыт әртүрлі спорттық, мәдени шараларға қатысса деймін. Сонымен бірге әйелдерге арналған ресурстық орталықтар желісінде әйелдерге интеллектуалды, заңнамалық көмек-қолдау жұмыстарын жүйелі жаңғырту қажет.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбатты жүргізген Думан ҚАБЫЛ.

«ЖАҚСЫ ҚЫЗ – ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗ»



Қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер-білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, осы қасиеттерін нақыл сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы, «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі», «Ырыс алды – қыз», «Қызы бар үйдің – қызығы бар», т.б. Қазақ халқы қыз баланы ардақтап, мәпелеп өсірген, көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген. Әдемі, көрікті, шырайлы, әсем, сұлу, ажарлы, ару деп сипатталатын қыздарымыздың жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа, жиһазға қызықпағандығын, махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялағандығын жыр-дастандардан білеміз. Кең байтақ ұлы даланы мекендеген халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы өткен Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі-өнеге.

Арқа даласында да ақылымен, пайым-парасатымен, өнерімен өзгелерден бір саты биік тұрып, ер-азаматтармен үзеңгі қағыстырып, нардың жүгін арқалаған арулар аз болмаған. Дархан даланың қасиетін тұла бойына сіңіріп, Алла берген дарынымен Қазақстанды былай қойғанда тұтас Одақты аузына қаратқан бір Күләш Байсейітованың өзі мақаламызға астар боларлық. Одан бөлек ел ішінде есімі еленбей қалған жандар қаншама?! Содан күні бүгінге дейін арада қанша уақыт өтсе де осынау асыл қасиет өлкемізде өшкен емес. Ұрпақтан-ұрпаққа, анадан балаға Тәңірдің тәбәрігіндей болып беріліп келе жатқан бекада болмыс баз-базда жеті қараңғы түндегі шоқжұлдыздай

жарқ ете қалады.

Таяуда жоғарыда айтқан сөзіміздің бекер еместігіне тағы бір мәрте көз жетті. Сол сәтте қарындасымыздың жеңісіне масаттанып, марқайып, бөркімізді аспанға аттық. Жаңаарқа ауданында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Ақмарал Әлтаева атындағы «Арқа аруы-2023» байқауында ауданымыздың атынан шаршы топқа түскен өзгелерден оза шауып, жүлделі I орынға ие болды. Сол сәтте иісі Ақтоғай бір-бірінен сүйінші сұрасып, қуанысып қалған.

Ауданымыздың абыройын асқақтатқан қарындасымыздың есім-сойы – Қаракөз Мұратбек. Қазіргі таңда Қарағанды экономика университетінде экономист мамандығы бойынша білім алып жатыр. 2 курс студенті. Бірі білсе, бірі білмес Қаракөз тәмам елді таңқалдырып, сүйіспеншілігіне бөленген, өнер өлкесінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Жанболат Тәжібаевтың қызы. Марқұм Жанболат ағамыз санаулы уақытын, саналы ғұмырын аудан өнерінің дамуына арнаған аптал азаматтардың бірі. Тіршілігінде қазақ ішінде ғана емес, шекара асып, шет мемлекеттерде де қазақ өнерін дәріптеген жан. Кейін Ақтоғайда мәдениет үйінде балаларды биге баулыды. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген рас екен. Жәкеңнің балаларының қай-қайсы да бекада өнерге бейім. Қаракөздің әпкесі Келбет талай жыл мың бұралып би билеп, бұқараның қошеметіне бөленген. Қазір қияға қонып, бір үйдің түтінін түтетіп отыр. Ал, араларындағы жалғыз ұл – Нұржан бүгінде аудан әкімдігінде қызмет жасайды. Үйдің кенжесі Қаракөзді мақалаға тұздық қып отырмыз. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер». Қаракөздің осынау жетістігінің баршасын анасының берген тәрбиесі мен сіңірген ақыл-парасатынан деп білеміз.

Кейіпкеріміздің анасы – Жайна мұғалім Ә.Бөкейхан атындағы мектепте талай жылдан бері табан аудармастан ұстаздық етіп келеді. Бүгінде екі тізгін, бір шылбырды қолға алып, әртүрлі қызметте жұмыс жасап жүрген жастың дені осы Жайна мұғалімнің алдын көрген. Сол ұстаздың арқасында әліпті таяқ деп біліп, сауат ашып, көңіл көкжиегін кеңейтті. Ал, «ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген.

Әкесі – өнердің майталманы, анасы ұлағатты ұстаз болса, Қаракөздің «Арқа аруы» атануы шартсыз заңдылық. «Жақсы қыз – жағадағы құндыз». Біз бұл алақандай мақаламызбен жаңа бұр жарған жауқазындай жарқырап, дүбірлі додада аудан намысын қорғаған қарындасымызды дәріптегенді жөн санадық. Құп алу – сіздің еркіңізде, құрметті оқырман!

Е.АЙТЖАН.

Өмірді бір-біріне жалған тұрар.



Ұлағат – ұстаздан

шәкірттеріне білім беріп, сол шәкірттердің өмірде өз орнын тауып, азамат атауына септігін тигізген Жанұзақ апайымыз да биылғы жылы сексеннің сеңгіріне келіп қалыпты. Сынаптай сырғыған уақыт-ай дейсің осындайда.

Бар ғұмырын болашақ ұрпақ тәрбиесіне арнаған, оның ішінде шәкірттеріне қазақ тілінің, қазақ сөз өнерінің қадір-қасиетін сіңіре білген ұстазымыздың еңбегі біздің мәңгі есімізде қалары сөзсіз.

Жанұзақ мұғалім 1943 жылы 23 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Ұстаздық жолын сонау 1961 жылы Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастап, 1998 жылға дейін аталған ұжымда еңбек етіп, шәкірт тәрбиеледі.

Білім беру саласына қосқан үлесі үшін алған марапаттары жеткілікті. Атап айтсақ, 1977 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігінің «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісі, 1983 жылы Қазақ ССР Оқу

министрлігінің «Аға мұғалім» атағы, 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1992 жылы Қазақ ССР білім саласының үздік мамандары туралы «Білімнің қия жолында» кітабында, 1988 жылы іс-тәжірибесі «Ұстаз жолы» атты жеке кітапшаға енді. 2019 жылы Ақтоғай ауданының ұстаздарының энциклопедиясында жарыққа шықты. Аудандық, облыстық «Жылдың үздік мұғалімі» сайыстарының жеңімпазы, «Алтын алқа» иегері. 2013 жылы меценат Бекзат Алтынбеков ұйымдастырған «Болашақ – бақытты ұрпаққа» атты үздіктер шеруінде Жанұзақ ұстазға шағыйнадалды.

Барлық саналы ғұмырын еліміздің ертеңі, жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған қарт ұстазымыз отбасында ақ жасулықты әже, немере-шөберелерінің қызығын көріп, қазыналы қарттыққа жетсін деген ізгі тілегімізді жеткіземін.

**Г.Нығметжанова,
Қ.Нұржанов атындағы тірек мектебінің тарих пәні мұғалімі.**

АБ



«Біздің жерімізде еркек – дiңгек, әйел – гүл. Дiңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда, «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды».

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

«Қазақ әйелін «жан жолдасым» дейді. Бұл үлкен сөз ғой. Жаны мен жану үндес, ойы, арманы үйкес, егіз адамбыз дегені ғой».

Фабул МУСІРЕПОВ.

Бақыт

Қырық сиқыры енгізіп сабырға жан,
Ер біткеннің төзімін сан ұрпаған.
Түзу жолға сүйрейді азаматың,
Жаралып ап қисайған қабырғадан.

Бәрін тербер, толғантар сірә, бұл күй,
Жүректердің төріне тұнатын сый.
Әйел – анан, әпке, жар, қарындасың,
Бас әріппен жазғың кеп тұрады ылғи.

Болмысыңның қалмаса оңы кеміп,
Ержетесің әп-сәтте жонып желік.
Қанбай өссең ананың мейіріңе,
Женгелерден іздейсің соны келіп.

Сұлу сүйсең жаныңды тырнап тұрып,
Таныптайсың тегінде кіл қаттылық.
Тек, Құдайдан тілейсің жатсаң-тұрсаң,
Көрсетпесе екен деп бір жат қылық.

Құдай берген аямай сезім оған,
Бас тарта алмас ер түгіл езің одан.
Азаматы болмаса арманыңдай,
Бара-бара айналар өзі соған.

Жамай алсаң өмірдің бір кетігін,
Әйел сенен аямас үр кекілін.
Түсіне алмай келемін, жігіттердің
Хас сұлудан нәліктен үркетінін..

Әйел жыры – таусылмас тандайға құт,
Әйел деген – әлем ғой тандай жақұт.
Міне, осыған сүйсініп ғұмыр кешер,
Ер-азамат боп туу қандай бақыт?!.

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ.



«Қыз өссе, елдің көркі»

«Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі». Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, салтқа беріктігін білдіреді. Өйткені, қыз баланың тәрбиелі, әдепті болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының әсері мол. Халқымыздың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері өмір тәжірибесінен алынғаны сөзсіз. Сондықтан да, қыз баланың бойында ақылдылық, инабаттылық сынды жақсы қасиеттер жастайынан қалыптасуы тиіс.

Осы орайда аудандық мәдени-сауық орталығының қылықты қыздардың киім-кешісі мен көркем сөйлеп, заман ағымына да орай бәсекеге қабілетті бойжеткендерге арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Соның бір парасы 1 наурыз Алғыс айтуы күніне орай аудандық Мәдениет үйінде өткен «Көктем аруы-2023» атты байқауы.

15-17 жастағы жастар арасында ұйымдастырылған шараның мақсаты – халқымыздың төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу, қазақ қызының инабаттылығын, парасаттылығын байқау арқылы көрсету. Ұлттың уызын, нәрін, сөнін бойжеткендеріміздің бойынан табу, эстетикалық тәрбие беру.

Жалпы байқау барысында арулар «Мен қазақтың қызымын», «Сегіз қырлы, бір сырлы», «Әсемдік әлемінде» және «Білімді мыңды жығар» кезеңдері бойынша сайысты.

– Сайыста арулар өздерін таныстырып, өресінің биіктігін танытуға ұмтылды. Артынша шығармашылық шеберліктерін сынапты. Әркімнің қабілеті әртүрлі.

Тандаған салалары да әралуан. Десе де, шама-шарқынша өз өнерлерін паш етті. Жарыста ой ұшқырлығы сыналып, білім деңгейлері тексерілді. Қыздарға қойылған сауалдарға жан-жақты, дәлірек айтқанда, сауатты жауап беру талап етілді. Сәнқойлық сынаққа да өріс ашылып, сыртқы сымбат сыналып, сахнадағы

Айжан Сүйіндікқызына бұйырды. Сонымен қатар, жүлделі екі ІІІ орындарды қуаныштық Ділінез Түлкібай мен Айсұлу Ғизатқызы (Ж.Кенесбаев мектебі) жеңіп алды.

Сондай-ақ, байқау соңы «Алғыс айту» мерекесіне орай, «Туған елге мың алғыс» атты мерекелік концертке ұласты. Мәдени



жүріс-тұрысқа да мән берілді, – дейді іс-шара ұйымдастырушылары.

Жарыс қорытындысы бойынша Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің оқушысы Айым Мұратбек бас жүлдені иеленді. І орынды қызыларайлық Балауса Құралхан еншілесө, ІІ орын К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің оқушысы

шараға Ә.Бөкейхан, К.Байсейітова атындағы тірек мектептері және аудандық «Өнер» мектебі жас өнерпаздары қатысты.

Д.Амангелдіұлы.



Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №4 сайлау округінен үміткер Кашкинов Канат Мадеевичтың өмірбаяны



Мен, Кашкинов Канат Мадеевич 1966 жылы 19 қаңтарда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, «Қоңырат» совхозының Жалаңаш ауылында

дүниеге келдім. 1973 жылдан Ақтоғай ауданындағы М.Горький атындағы мектеп-интернатында білім алдым.

Осы мектепте 7-сыныпқа дейін оқыдым.

Сол жылы Қарағанды қаласындағы №2 мектеп-интернатына ауысып, 10 сыныпты аяқтадым.

1984-1987 жылдары Ақтоғай тұтынушылар одағында жүргізуші болып жұмыс істедім.

1988 жылдан бастап ауыл шаруашылығында механизатор болып жұмыс істедім. 1994 жылдан бастап "Сайран" шаруа қожалығын құрдым.

Қазіргі таңда шаруашылығымда ірі қара малын асылдандырумен айналысып жатырмын.

Жанұямда жұбайыммен бірге 4 қыз, 2 ұл тәрбиелудемін.

Қамқорлығымда інім бар.

Сайлауалды бағдарлама

Мен сіздердің қалауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлана қалсам, төмендегі бағдарламаны іске асырар едім.

– «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз» деген ауылда өскен, ауыл шаруашылығының барлық қыр-сырын жетік танып өскен азамат болғандықтан, алғашқы кезекте ауыл экономикасының дұрыстығына бақылау жасау;

– Ауылшаруашылық саласының дамуына, қарапайым еңбек адамдарына субсидия алудың жолдары, жеңілдетілген несиелер алудың жолдарын іздеп жүріп тауып, кең көлемде халқыма түсіндіремін;

– Маусымдық жұмыс уақыттарында жанар-жағармайды арзан бағада алу, сатылатын ауылшаруашылық өнімдерінің дұрыс бағада пұлдануына атсалысамын;

– Еңбек адамдарының елге, халыққа сіңірген еңбектерін бағалау, ынталандырудың жолын қарастыра отырып, жастарды ауылшаруашылық саласын дамытуға шақырамын;

– Менің аймағымға қарасты ауылдағы көше жарықтарының сапалы орнатылуына;

– Ауыл әкімдігімен бірлесіп отырып биылғы жоспардағы балалар ойын алаңы салынуына;

– Үшарал, Жалаңаш елді мекендеріне ауыз судың тартылуына бақылау жасауға;

– Ауыл көше бойларына бейнебақылау орнатуды қадағалауға күш саламын;

– Ауылдық округтерді көркейту, абаттандыру, көше жолдарын жөндеу және жарықтандыру жұмыстарын үнемі назарда ұстау;

– Ел ертеңі – жастар, өңдеше, жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуы, олардың салауатты өмір сүруін қалыптастыру жолында бос уақыттарын мазмұнды өткеруге, спорттың тиімділігін арттыруға;

– Ауыл жастарының салауатты өмір салтын ұстауларына толық жағдай жасау, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының орындалысын қамтамасыз етуді ұйымдастырамын;

– Табысы төмен отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, қорғаншылық және қамқоршылықтағы балалардың әлеуметтік қорғалуы, ана мен бала денсаулығын сақтау мәселелеріне баса назар аударуға;

– «Білім беру жүйесінің басты бағдары – терең білім, кәсіби іскерлік» деген пікірді қолдай отырып, ауылда жастардың тұрақтап қалуына үлесімді қосамын.

Халыққа қызмет ету – абыройлы міндет, оны әркезде еске ұстап, осы жолда күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

Ауыл жастарының салауатты өмір салтын ұстануларына толық жағдай жасау, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының орындалысын қамтамасыз етуді ұйымдастырамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №11 сайлау округінен үміткер Ахметов Ерлан Құрмашұлының өмірбаяны



Мен, Ахметов Ерлан Құрмашұлы 1974 ж. 21 қазан күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылында көпбалалы отбасында дүниеге кел-

дім. 1981-1991 жылдары М.Ержанов атындағы орта мектептен 11-сыныпты аяқтадым. 1991-1996 жылдары Қарқаралы малдәрігерлік колледжін аяқтадым.

1992-1994 жылдарда әскер қатарында болдым. 1996-2008 жылдары "Рахым" шаруа қожалығында мүше, жетекші болып жұмыс жасадым.

2008-2017 жылдары «Атасу-Алашанқоу» мұнай құбырында күзетші болып жұмыс істедім.

2017-2019 жылы М.Ержанов мектебінде күзетші болып жұмыс істедім.

2019 жылдан бері Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болып қызмет етемін.

М.Х.Қашқари атындағы Тараз өңірлік университетінен жергілікті басқару мамандығын алдым.

Отбасылымын, 4 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Халқымыздың түп-тамыры ауыл болған соң, ең бірінші ауыл үшін қызмет жасау – менің азаматтық парызым. «Ауылым – алтын бесігім» деген қасиетті сөз әрдайым менің жүрегімде.

«Халыққа қызмет – абыройлы міндет» демекші, тамшыдай болса да еліме қызмет жасап, округ тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында мен №11 сайлау округіне депутаттыққа үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздердің қолдауларыңызбен аудандық мәслихатқа депутат болып сайлансам, мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес жұмыс жасап, басты кезекте халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының оңалуына бар күшімді, білімімді жұмсаймын:

– Мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу кәсіпорындарын ашу;

– жұмыссыздықты азайту мақсатында бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін несиелер мен жәрдемақыларды алып, тұрғындардың өз кәсіптерін ашуына, тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қорғалған тобына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алуына;

– ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несиелер институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыруға, жайылымдық жерлермен шаруа қожалықтарының қамтылуына;

– ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтуді және дәріхана және ветеринариялық дәріхана пункттерін ашудың жолдарын іздестіру;

– округ бойынша байланыс жүйесінің сапасын арттыруға, оның ішінде мобильдік және интернет байланысын орнату;

– белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;

Елді мекендердің жол сапасын жақсартуға күш саламын;

– Нарманбет ауылындағы көпірді күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен қаржы қаралуына мүмкіндігін қарастырамын;

– «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында ауылға жас мамандарды тартып, жұмыспен, тұрғын үймен қамтуға, ауылдың мектебінің жабылып қалмауына тиісінше атсалысуға;

– Ауыл тұрғындарымен етене жақын жұмыс жасап, ауыл мәселелерін шешуге күш саламын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №10 сайлау округінен үміткер Мұрат Нариман Тайтөлеуұлының өмірбаяны

Мен, Мұрат Нариман Тайтөлеуұлы 13 наурыз 1998 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылында дүниеге келдім.

2004 жылы қыркүйек айында Нарманбет ауылында Манарбек Ержанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 1-сыныбына қабылдандым.

2013 жылы аталған оқу орнының 9-сыныбын аяқтадым.

2013 жылы қыркүйек айында «Талғат Бигельдинов атындағы әскери мектеп-интернатына» оқуға түстім.

2015 жылы аталған мектеп интернатының 11-сыныбын аяқтадым.

2015 жылы қыркүйек айында Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Экономика және менеджмент» факультетінің «Мемлекеттік жергілікті жерді басқару» мамандығына оқуға түстім.



2019 жылы аталған мамандық бойынша диплом алдым.

2020 жылдың қыркүйек айынан бері «Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де жетекші маман ретінде жұмыс жасаудамын.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті ағайындар!

Қазіргі таңда мен №10 сайлау округі, яғни Шашубай кенті, Ортадересін, Тораңғалық ауылдық округі аймағынан аудандық мәслихат депутаттығына өзімді ұсыну арқылы сайлауға түсуге мүмкіндік алдым.

Жоғарыда аталған сайлау округінің депутаттығына бұқара халық сенім артқан жағдайда, төмендегі проблемалардың шешілуіне атсалысамын және бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Менің сайлауалды бағдарламам Шашубай кенті, Ортадересін, Тораңғалық ауылдық

округін дамытуға, әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған.

– Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыруға;

– Жергілікті жолдардың реттілігін, жөнделуін бақылауға алу, көшелерді жарықтандыру;

– Ортадересін ауылындағы мәдениет үйінің күрделі жөндеуден өтуіне атсалысамын;

– Ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;

– Округтегі абағандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын жандандыруға;

– Халықтың осал топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға жан-жақты қолдау мен көмек көрсетуге;

– Үнемі ауыл тұрғындарымен ашық және бірлесе жұмыс жасауға;

– Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын айтарлықтай күшейтуге;

– Елді мекендердің ішкі электр желілерін жаңартуға жұмыс жасаймын;

– Қоғамның күшімен бірлесіп, сыбайлас жемқорлық туғызушы себептермен, қылмыскерлік және заңды бұзушылықпен күресуге бағыттаймын.

Бейбітшілік және татулыққа ғана біздің еліміз амандыққа және гүлденуге қол жеткізеді. «Жас келсе – іске» демекші, жастық күш-жігерімді, білімімді туған елдің гүлденуі жолына арнаймын.

Біздің ауылымыздың табысты дамуы әрқайсысымызға байланысты, біз бірлесіп әрекет етуіміз керек.

Құрметті ауыл тұрғындары!

Осы көтерілген мәселелер шешімін табады деп ойлаймын, егер сенім білдірген жағдайда, сол үшін жұмыс жасаймын деп сендіремін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына №3 сайлау округінен үміткер Медеубек Нұрсана Өмірғалыұлының өмірбаяны



ның К.Байсейітова атындағы мектебінде 9-сыныпқа дейін оқыдым. 2008-2011 жылдар аралығында Қарағанды политехникалық колледжінде «Экономист-бухгалтер» мамандығы бойынша, 2011-2015 жылдар аралығында Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде «Экономика» мамандығы бойынша білім алдым. Еңбек жолым: 2015-2016 жылдары «Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бас маман-бас есепшісі болып қызмет атқардым; 2016-2017 жылдары Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің экономика секторының бас маманы; 2017 ж. 10.09. – 2019 жылдары Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің қаржы секторының менгерушісі; 10.09.2019 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары болып қызмет атқарудамын.

Мен, Медеубек Нұрсана Өмірғалыұлы 1992 жылы 29 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылында дүниеге келдім. 1999 жылы Сарытерек ауылының Ж.Кеңесбаев атындағы мектебінде 2-сыныпқа дейін, Ақтоғай ауылы-

Сайлауалды бағдарлама

Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

– Занда бекітілген тәртіп бойынша тұрғындардың мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру;

– бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалып қамтамасыз ету; – мемлекеттік бағдарламалардың нақты орындалуына аса мән бере отырып орындалуына білімімді жұмсаймын;

– ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктер мен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтарын толыққанды ақпараттандыруға;

– ауылдық округ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;

– жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстар жүргізу;

– шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;

– кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;

– тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;

– азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауда қолдау жасау;

– ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату;

– жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға мейлінше қолдау көрсету;

– «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, ауылымызды жасыл желектермен көркейтуге, ауылды абағандыру, тазалық мәселесіне көп көңіл аудару.

Біздің Ақтоғайымыздың табысты дамуы әрқайсысымызға байланысты, біз бірлесіп әрекет етуіміз керек.

Құрметті сайлаушылар!

Осы міндетіме алған жоспарлар шешімін табады деп ойлаймын, сайлаушыларым сенім білдірген жағдайда, орындауға жұмыс жасаймын деп сендіремін. «Жас келсе – іске» демекші, сіздердің таңдауларыңызбен депутат болсам, жастық жігерімді, күш-қуатым мен білімімді туған жердің гүлденуі жолына арнап еңбек етуге күш саламын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақын жерлесіміз Қуаныш Мақсұтов – 60 жаста

Ақындық – Алладан, қайраткерлік – топырақтан

Ақын Қуаныш Мақсұтов жайлы айтқанда, алдымен оның «Сары Тентек» атанып кеткені тілге оралады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің екінші ректоры, академик Зейнолла Молдахметов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Рымбала Омарбекова, Жүрсін Ерман сынды аға буынның тәрбиесі мен қамқорлығын көрген ақынның өмірі өнегеге толы. Ақсақалдардың тәрбиесін алып, қазақы қариялардың даналығын бойына сіңірген. Жастайынан өнер мен мәдениет майталмандарының көзін көріп, әңгімесін тыңдап, патриот болып өскен.

1990 жылы Ташкентте өткен халықаралық айтыста шындықты шырқыратып айтып, ақырып теңдіп ?? сұрап, қазыларға шешімді қайта қарауға мәжбүр етіпті. Сонда ақын Қонысбай Әбілов риза болып: «Қазақ айтысының, қазақ елінің абыройын сақтап қалдың, айналайын, Сары Тентегім» депті. Содан Сары Тентек атанып кетіпті. Шығармашылық жолында 16 халықаралық айтысқа қатысып, жүлдегер атанса, соның сегізін Ташкентте олжалапты. 1985 жылы «Жігер» фестивалінде Бауыржан Жақып, Гүлнар Салықбай үшеуі лауреат атанып, Мұхтар Шахановтың

секциясында үздіктердің қатарында көрінген. Сонда Жұматай, Қадыр, Ғафу, Жарасқан сынды марғасқалармен танысып, олар Қуаныш ақынның талантына тәнті болған екен.

Ақындықты Алланың өзіне жүктеген миссиясы деп қабылдайды. «Ақынмын» деп кеуде қақпайды. Атақ-мансапқа қызықпайды. Бірақ, ел мен жердің, Отан-Ананың ертеңі үшін аянбайды. Қайраткерлік табиғатында бар. Шертпе күйді насихаттап, келешек ұрпақ үшін аянбай жүргені елге мәлім. «Қазақтың шертпе күйінің ұлттық мәйегін сақтау» атты жобасын жүзеге асыру жолында ұзақ жыл еңбек етіп келеді. Шертпе күй туралы алғашқы деректерді студенттік шақтың өзінде іздеп оқып, қызыға зерттей бастаған. Бүгінгі күні сол тынымсыз еңбектің арқасында музыка-өнер бағытында білім беретін еліміздің бірқатар жоғары оқу орнында шертпе күй сыныбы ашылған. Республикалық деңгейде «Шертпе күй» фестивалі мен байқауы өткізіліп келеді. Шертпе күйдің мәйегін сақтауға атсалысып жүрген күйшілердің жеке альбомы да шыққан. Алдағы уақытта Тәттімбет туған топырақ Қарағандыны «Шертпе күйдің Отаны» деп танып, жыл сайын республикалық фестиваль өткізуді дәстүрге айналдыру және Қарағандыда Тәттімбет бабамызға ескерткіш орнату жұмысын жоспарлап, жүзеге асыруға атсалысып жүр. Бұл жұмыстарды атқаруда Үкіметтің, Мәдениет министрлігінің, «AMANAT» партиясының, облыс әкімдігінің қолдауы зор болғанын атап өткен жөн.

Жалпы, Қуаныш ақынға бұл алғырлық, қайраткерлік жастайынан дарыған. Бала күнінен Абай, Қасым сынды дүлдүлдердің жырын жаттап өсті. Мағжан жайлы алғаш рет Жайық Бектұров ақсақалдан естіген. Өйткені, Мағжанды оқуға тыйым салынған еді. Содан бастап, махаббаты оянып, Мағжанның жырларына ғашық болып, қайраткерлігіне тәнті болған. Алаш арыстары сынды саналы ғұмырын еліне пайдалы іс үшін арнаған. Сонымен қатар, Жүсіпбек Елебеков, Әлімхан Ермеков, Жайық Бектұров, Ақжан Машанов, Әбіш Кекілбаев сынды алыптардың көзін көріп, әңгімесін тыңдап, соларға еліктеп өскен. Ел ертеңі жолында аянбай еңбек етуді осындай тарихи тұлғалардан үйреніпті.



Ақындық жолы туралы айтқанда, 15 жасында ауылы «Қаратал» совхозында (қазіргі Шабанбай би ауылы) 10 туындыдан тұратын монолог еске түседі. 21 жасында 1984 жылы Қарақалпақстанның Нөкіс қаласында өткен Бүкілодақтық университеттер фестивалінде сол монологын жатқа оқып, I орын алыпты. Қарақалпақ Халық жазушысы Төлепберген Қайыпбергеновтің ықыласына бөленіп, батасын алып, Төлеген Айбергenniң басына барып, Құран бағыштайды. Мұның өзі көрегендік емес пе?

Ал, айтыс аламанындағы сара жолын ел біледі. 1987 жылы Қызылорда қаласында өткен республикалық жас ақындар айтысында I орын алып, лауреат атаныпты. Осылайша, ұзақ жылдардан кейін Қарағандыға республикалық айтыстан жүлде әкеліпті. Өйткені, қазыналы Қарағанды үшін мұндай жеңіс, мұндай абырой 1943 жылғы Шашубай бабамыз жетістігінен кейін болмаған екен. Осындай жетістіктерінен соң облыстың ардагерлері мен ақсақалдары облыстық партия комитеті мен атқару комитетіне хат жолдап, 2 бөлмелі пәтер алып береді. Онысы талапты жастың, талантты ақынның Қарағандыда тұрақтап қалсын дегені еді. Пәтерді Ерубаев көшесінен берген. Өйткені, бұл көшенің арғы басында Доскей ақынға арнап Сталин салғызған үй болыпты. «Доскей ақынның жолын берсін» деген ниет бұл.

Тағы бір айта кетерлігі, заманның қиын кезінде де азаматтықтан айнымапты. Жазушы Дидахмет Әшімхан Қарағандыға келгенде Әлімхан Ермековтің жерленген жеріне барып, Құран бағыштағысы келеді. Туыстары білсе де, айтпайды. Қорқады. Көп адам білмейді. Өйткені, тыйым жасалған. Қуаныш ақын сол сәттен бастап, ұлы математиктің қабірін біраз уақыт іздеп, Балта деген ақсақалдың айтуымен тапқан екен.

Бір ерекшелігі, ақындықты қайраткерлік, ағартушылық деп қабылдайды. Ақындардың үнемі ізгі шаралар мен игі бастамаларға ұйытқы болып, елдің алдында көш бастап жүргенін қалайды. Ақындық миссия дегенді мемлекетті нығайту, ұлтты ұйыстыру, халықтың рухын көтеру, еңсесін биіктету деп түсінеді. Осындай қасиеттерден жұрдай ақындарды ақын деп қабылдамайтынын да жасырмайды. Атап айтсақ,

Шабанбай бидің мазарын мемлекет қарауына алу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, Шабанбай би ауылында бюстің орнату сынды біраз шаруаның басы-қасында жүріп, бас-аяғы 3-4 жылда жүзеге асырған. Жуырда Қасым үйін үлкен шығармашылық орталыққа айналдыру жөнінде облыстық әкімдікке ұсыныс жобасын жолдапты.

Ал, бард стилінде жеке, авторлық альбомын шығарып, өзі орындап жүрсе, мұны өзін таныту мақсатында қолға алмаған. Біріншіден, бұл стиль жастайынан жанына жақын. Екіншіден, бард қазақтың қанында бар екенін дәлелдегісі келеді. Үшіншіден, бард стилі арқылы поэзия қазіргі кітап оқымайтын заманда оқырман қауымға жылдам жетеді һәм талғамын биіктетуге оң әсер етеді. Жүрген жерінде Табылды Досымовты насихаттап жүреді. «Мәңгілік мұңның әуені» атты бард туындылары мен шансондары жинақталған альбомы 2013 жылы шыққан. Бұл альбом 16 жыл бойы дайындалып, әлемдік стандартта Мәскеу қаласында жарық көріпті. Авторлық құқығы заңмен қорғалған. Осы альбом негізінде әлемдік музыкаға «Қазақ барды, Қазақ шансоны» деген жаңа стильдер енген екен.

Тағы бір ерекшелігі – ішкі еркіндігі. Өзі туралы айтылып жатқан сөздерге

пысқырмайды. Алдына қойған мақсаты бар. Соның жолында ұрандамай-ақ еңбек ете береді. Бірқатары жүзеге асып та үлгерді. Серілікті жаны қалаған рухани еркіндік деп ұғады. Бос кезінде ел аралап, ұмытылып бара жатқан құндылықтарды жинақтайды, жанын байытады.

Жасынан жазба поэзияны жанына серік етіп келеді. Бірақ, оны көп жариялауға құмар емес. Асыққанды ұнатпайды. «Тәкаппар мұңның кербез тамшылары» атты жыр жинағын да заманауи үлгіде шағын қылып шығарған. Оған санаулы ғана өлеңін іріктеп енгізіп, төс қалтада жүруге ыңғайлы қылып қаттапты.

Бірыңғай мақтай беру ойымыз жоқ. Жанымыздан қосқанымыз да жоқ. Барлығын өз өмірінен алдық. Кемшіліксіз пенде жоқ. Арасында шындықты бетке айтамын деп, елге ұнамай қалатын да кездері болады. Бірақ, қанындағы болашақ қамы үшін деген ұстанымы оны үнемі ізденіске, тың бастамаларға, шығармашылыққа жетелеп отырады.

Қазаққа талай алыпты сыйлаған алтын бесік – Ақтоғай топырағында туған Қуаныш ақынның осал болуға хақы да жоқ. Оның үстіне, әкесі бала күнінен ауылына келген атақты адамдарды арнайы үйіне әкеліп, қонақ қылады екен. Сондағысы Қуаныш ұлына жақсылардың шарапаты тисін дегені ғой. Солардың дәмді әңгімесін тыңдап өскен ұлы жаман болған жоқ. Қазақ айтысында өз сүрлеуін қалыптастырып, соңына қаншама шәкірт ертті. Шәкірттеріне әлі күнге шеберлік сағаттарын өткізіп жүр. Бұл күнде асқаралы 60 жасқа келіп отыр. Мол шығармашылық табыс, мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Қуаныш ақынның қайраткерлік қуаты кемімей, жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола жүріп, ел-жұртын қуантудан шаршамасын!

Иә, Қуаныш Мақсұтов қазақтың «Сары Тентегі» Қарағандыда тұрады. Оны көрінбей кетті деп жатады кейде. Көрінбесе де, ол жалаң ұранға салынбай, айқын мақсаты мен асқақ арманы, азаматтық борышы жолында тынымсыз еңбек етіп жүр. Оның тентектігін тектілік деп ұқсақ, қателеспейміз!

Жәлел Шалқар.
(«Орталық Қазақстан» газетінен).

Жануарлардың ауруы және өлімі тіркелген жағдайда мал иелерінің әрекет ету жадынамасы

1. Шұғыл түрде жергілікті мал дәрігеріне хабарлау.
 2. Ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауырған жануарларды оқшаулап ұстау.
 3. Жануарлар ауырған жағдайда ауру белгілеріне назар аударып, мүмкіндік болса шұғыл түрде фото және бейне-жазбаларды мал дәрігеріне жіберіп хабарлау.
 4. Ауырып тұрған жануарды мал дәрігерінің байқауынсыз жайылымға жіберуге, басқа жануарлармен бірге ұсауға немесе сойып алып, етін пайдалануға болмайды.
 5. Жануарлар, үй құстары өлген жағдайда өлежселерін ашық қоқыстар мен ағын суларға (бұлақтарға, өзіндерге, көлдерге) тастауға болмайды.
 6. Ауырып тұрған немесе сүйегі сынған малдарды соқаға, сағуға және сойып тағамға пайдалануға болмайды.
 7. Ауырып тұрған малдың сілекейі, зәрі, нөжісі тиген азықты, суды сау малдарға беруге болмайды.
 8. Ауру жануарға қолданылған құрал-жабдықтарды, жүген-нокталарды, қарғыбауларды, күрек-айырларды, жем-су беретін ыдыстарды сау малға, ит пен мысыққа және басқа қора-жайға залалсыздандырмай пайдалануға болмайды.
 9. Ауру жануардан бөлінген сілекей, нөжіс, зәр, қаң, ірің, түсік және осылармен былғанған төсеніш, жем-шөп өртеу жолымен жою.
 10. Ауру жануардың жанында болған адамдар, техника (автокөлік, трактор, мотоцикл т.б.) көршілес немесе басқа аумақтағы мал ұстайтын шаруашылықтарға, жеке ауларға және сау жануарлардың жанына баруға болмайды.
 11. Ветеринария саласындағы мамандар ауру немесе ауырып өлген жануарды көріп-байқауынан кейін, диагнозы анықталғанша, берген нұсқаулықтарын бұлжытпай орындау.
- Ескерту:** Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабымен белгіленген «Жеке және заңды тұлғалар жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттерін» орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406-бабы бойынша жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкеп соғады.
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексінің 327-бабы бойынша «Ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу» тіркелген жағдайда үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

«ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық» мемлекеттік мекемесі.

АБ

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидалары

«Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы №7-1/37 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 4 тамыздағы №244 бұйрығына сөйкес:

1. Жануарлар мен құстарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне (шаруа, фермерлік шаруашылықтар, малдарды бордақылау алаңдарында өсіру және өткізу) K1, K2, K3, K4, K5, K6, K7, K8, K9 кодтары бойынша.
 2. Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне (мал сою пункттері, жылжымалы (мобильді) сою пункттерін қоса алғанда, мал сою алаңдары, жылжымалы (мобильді) сою алаңдарын қоса алғанда) U1, U2, U3, U4, U5, U6, U7, U8 кодтары бойынша.
 3. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне (ет, ет өнімдері, балық және балық өнімдері) G1, G2, G3, G4, G5 кодтары бойынша.
 4. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілеріне (ет, ет өнімдері, балық және балық өнімдері, жануарлардан алынатын шикізат, сүт және сүт өнімдері,) W1, W2, W3, W4, W5 кодтары бойынша.
 5. Ветеринариялық препараттарды және азықтық қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарына (ветеринариялық аптекалар) Y-кодты бойынша есептік нөмірлері беріледі.
- Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі: Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
- Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні, оның ішінде: мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні, өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
- Қосымша сұрақтар бойынша «ҚР АШМ ВБҚК-нің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесімен хабарласуын сұраймыз.
- Жұмыс кестесі: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін. Белгіленген жұмыс уақытынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сөйкес белгілейді.

Мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 3 үй, жұмыс тел: 8 (71037) 21745.

«ҚР АШМ ВБҚК-нің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.


АБ

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Еске алу

Ардақты да аяулы әкеміз **Бөлекбайұлы Жанлар** көзі тірі болса, 8 наурызда 60 жасқа толар еді... Амал қанша, сүм ажал ортамыздан ерте алып кетті. Әкемізді сағына еске ала отырып, топырағын торқа, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын, қабірің иман нұрымен, Құран нұрымен нұрлансын деп Алладан тілейміз.



Қайран Әке, қысқа болды ғұмырың,

Ерте кеттің, бекімеді-ау тұғырың.
Өмір-базар, баққа бөлер кезінде,
Ажал салды андаусызда құрығың.
Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар рухыңменен қауышып.

Еске алушылар: балалары – Мейірбек-Перизат, Дәурен-Ақмарал, Жарқын, Серікболсын, жиеңдері – Аяулым, Сабина, Айсара.

Еске алу

Жан бауырым **Сыздықов Саят Қалқанұлының** өмірден озғанына 2023 жылы 9 наурыз күні бір жыл болады. Сағынышпен, аңсаумен еске аламыз.



Қатал тағдыр ойнатып ойран дауыл,
Батырарын сездік пе ойларға ауыр?
Қапияда ажалдың оғы тиіп,

Қайырылмастан кеттің бе, қайран бауыр?!
Шаңырақтың көңжесі едің, еркесі едің,
Өнердің еншілеп ең ерте шебін.

«Апайлап» өткен асыл бауырым-ай,
Жамбасына батпасын жер-төсегің!
Қойнына алды кара жер арда ұлын...
Асыл бейнең көңілде қалды-ау үнін.
Топырағын торқа боп, тыныш ұйықта,
Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым!
Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннатта болып, қабірі нұрға толсын!
Сағына еске алушы: апа-жездең – Жанар-Сабыр, жиеңдерің.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ-нің ұжымы мектептің бастауыш сынып мұғалімі **Ғабдулина Бақытжанға** апасы **Ғабдулина Бақпаның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қ.Нұржанов атындағы тірек мектебі (РО)» КММ-нің ұжымы мектептің шаруашылық менгерушісі М.Кейкібаевқа, «Бүлдіршін» шағын орталығының тәрбиешісі Г.Абиловаға және Қ.Құнарбековаға аналары **Мүғрипа Құтжанқызының** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

09 қыркүйек 2022 жылы **Адибекова Жазира Зиядиевна** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 87058328306.

Хабарландыру

«Эдванс Майнинг Технолоджи» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 16 наурыздан 27 наурызға дейін Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «Қарағанды облысы Саяқ тобының (Саяқ-1) техногендік минералдық түзілімдерінен пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау Жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» Бөлімі» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

АБ

Объявление

ТОО «Эдванс Майнинг Технолоджи», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 16 марта по 27 марта 2023 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Раздел «Охрана окружающей среды» к Проекту рекультивации нарушенных земель при добыче полезных ископаемых из техногенных минеральных образований Саякской группы (Саяк-1) Карагандинская область».


С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

АБ

Білім

Өткен дүйсенбіде аудан басшысы Руслан Кенжебеков, аудан орталығындағы К.Байсейітова, Ө.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектептерінде болып, білім ошақтарының жұмыстарымен танысты. Өңір басшысы алғашқы кезекте К.Байсейітова атындағы тірек мектебіне ат басын тіреді. Аталған білім ұясында қазіргі таңда 378 оқушы

Елдің ертеңі – білімді ұрпақ



білім алуда. Барлық мұғалімдер деңгейлік және жаңартылған білім мазмұны аясында біліктілік курстарынан өткен. Осы және басқа да мәліметтерді баяндаған мектеп директоры Құралай Амралина білім берудің барлық пәндері бойынша жаңа заманауи модификациядағы кабинеттер жұмыс жасап жатқанын тілге тиек етті.

– Мектептің материалдық-техникалық базасы толықтай жаңартылған. STEM зертханасы, робототехника, артстудия, интеллектум қосымша білім беру кабинеттері толықтай жабдықталды және тәжірибені магниттік мектептерге таратуға негіз болатын телестудия орнатылды. Оқушыларғы кәсіптік бағдар беру мақсатында көркем еңбек кабинеттері жұмыс жасайды. Мұнда қыз балалар тігін тігу, ою, сәндік бұйымдар жасауды үйренсе, ер балалар ағаш және темірді өңдейтін түрлі станок, машиналарды игереді, – деді Қ.Амралина.

Аудан мектептері ішінде білімді шәкірттері мен білікті ұстаздары білім бөйгелерінде жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындырып жүрген К.Байсейітова мектебінің ұстаздарының жұмысына жоғары баға берген өңір басшысы мектептің телестудиясына арнайы соғып, шағын сұхбат берді.

Одан әрі ауданның білім беру ұйымдарының қарашаңырағы, ұлт көсемі Ө.Бөкейхан атындағы тірек мектебінде болды. Аудан басшысы мектеп оқушыларымен кездесіп, білім үйінің жылу қазандығын көрді. Сонымен бірге, былтырғы жылы ашылған қосымша білім беру орталығына барып, саланы дамытудың басым бағыттары жөнінде пікірлесті. Аудан басшысы елдің ертеңгі тізгіні білімді ұрпақтың қолында екенін айтып, білімді ұрпақты тәрбиелеу ұстаздар қауымына жүктелген абыройлы міндет екенін атап өтті.

Бұдан кейін Руслан Айтықенұлы, барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы болып табылатын «Аққыз» балабақшасының тәрбиешілерімен жүздесіп, бөбекжайда атқарылып жатқан жұмыстарымен танысты.

Думан БАҚЫШЕВ.

Ризашылық

Алғыс алған арымас

«Ауылында ақсақалды қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» демекші, бабалардың осынау даналығымен өмір сүрген, сонымен биік мақсат-мұрат құрған халқымыздың бүгінгі ұрпағы қай кезеңде де үлкенді үлгі тұтудан, кішіге ізет қылуудан танбаған.

Ауылымыздың жастары біз секілді қарияларға қашанда қолғабыс тигізіп, көмек-қолдауларын көрсетуді дәстүрге айналдырған. Өздеріңізге белгілі, биыл қар жылдағыға қарағанда мол түсті. Әрине, үйдің ауласын қардан тазалау бізге үлкен қиындық тудыратыны анық. Осыны ескерген аудандық жастар орталығының директоры Елген Шыңғыс ауыл жастарын өзі бастап келіп, ауламды қардан тазалап берді. Ардагерлерін ардақтап, ізгілікті іске ұмтылған Шыңғыс баламның ұжымына алғыс айтамын. Денсаулықтарың мықты болып, еңбекте табысты болып, биіктерден көріне берулеріңе тілектеспін.

Қ.Алпысбаева,
зейнеткер, қарт ана.

Салық заңнамасы

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы

Заң жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерінің үш түрін қарастырады: соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Барлық үш процедураны тек борышкердің өзі бастайды, несие берушінің борышкерге қатысты аталған процедураларды қолдануға құқығы жоқ.

Соттан тыс банкроттықты тек 1600 АЕК (5,5 млн теңге) аспайтын банктер, МҚҰ және коллекторлық агенттіктер алдындағы борыштар бойынша ғана қолдануға болады. Рәсімді бастау үшін борышкер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы тиісті өтініш береді.

1600 АЕК-тен астам борыштар бойынша және борыштардың қалған түрлері бойынша қазақстандықтар сот банкроттығын қолдана алады. Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Іс жүргізу қозғалған күннен бастап борыштық міндеттемелер өткен болып есептеледі, өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) есептеу тоқтатылады, ал борышкерге өзіне жаңа ақшалай немесе мүлктік міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады, ҚР шегінен тыс жерлерге шығуға тыйым салынады, борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерін орындау тоқтатылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сотта тұрақты табыс болған кезде қарыздарды (5 жылға дейін) бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін көздейді. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

Банкроттық танылғаннан кейін азаматтар: 5 жыл ішінде ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа, қарыздар мен несиелер алуға шектеледі; қайта рәсімге тек 7 жылдан кейін ғана өтініш бере алады; сонымен қатар, олардың қаржылық жағдайы банкроттықтан кейінгі 3 жыл ішінде бақыланады.

Сұрақтар туындаған жағдайда, Ақтоғай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасынан ақпарат біле аласыздар: 2-15-46, 2-12-70.

Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

АБ

Құттықтаймыз!

Қаратал ауылының тумасы, қадірлі құдамыз **Бабашев Дәулет Максұтбекұлы!**



Сізді асқарлы 60 жастың шыңына шығып отырған мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, мол қажыр-қайрат, отбасыңызға амандық тілейміз.

Шаңырақтың шаттығы асқақтап, бақытыңыз еселеніп, ырыс-несібеңіз молайып, жастан жасқа тола беріңіз. Құдағи екеуіңіз балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында бақытты ғұмыр кешіп, ағайын-туыс пен достарыңыздың арасында абыройларыңыз асқақтай берсін!

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да, Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да. Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Ізгі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Қайрат-Раушан, балалары – Алмат-Әсел, Әсет-Айдана, Біржан, Темірлан-Балжан, Данияр-Ұлпан.

Құттықтаймыз!

Құрметті күйеубаламыз **Тілеуберлі Камериятұлы!**

Сәні ердің жасы елуге келген мерейжасыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаратқан деніңе саулық, ұзақ ғұмыр нәсіп етсін. Өміріңнің әр күні қуанышпен өрнектеліп, абыройың артып, алғысқа бөлек бер. Алаңсыз да бақытты өмірде ұрпақтарыңның думанды




қызықтарына тоймай, тек жақсылық пен қуанышта қауыша беруге жазсын. Отбасыңнан ынтымақ, басыңнан бақ таймасын. Көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында жұбыңмен бірге еркін жүзе бер.

Ақ тілекпен тілейміз, көңілменен, Шығарып шын ниетті сезімдермен. Жүз жасашы, денсаулығың мықты болып, Екі қайтып келмейді өмір деген.

Ізгі тілекпен: Изатовтар әулеті, Зәуреш.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор міндетін атқарушы: **Д.КАБЫЛ**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

